

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қазандағы № 1593 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 25 желтоқсандағы N 2180 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексіне және «Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 26 ақпандағы № 220 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 15 қазандағы № 1593 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтағы «31931000 (отыз бір миллион тоғыз жүз отыз бір мың)» деген сандар мен сөздер «26147200 (жиырма алты миллион бір жүз қырық жеті мың екі жүз)» деген сандармен және сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*